№48 (20 861)
28 қараша,
2024 жыл, бейсенбі

Atr.kz gazeti

# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz

*Цифрлық даму*

## Жасанды интеллект
# АДАМНАН ДА АҚЫЛДЫ



Алыста жүрсе де, бірін бірі лезде тауып алатын роботтар, коммуналдық қызмет түрлерін ұялы телефон арқылы басқарып, домофон мен пәтер есігін кілтсіз-ақ қашықтықтан ашып-жабу, көзі нашар көретін немесе жанарынан айырылғандарға арнайы Chat GPT бағдарламасын ұсыну, желатиннен зиянсыз пластик ыдыс өндіру, бананның қабығын өңдеу арқылы жаңа өнім шығару...

Иә, бұл тізімді әрі қарай да жалғастыра беруге болады. Бұрын үш ұйықтасақ та түсімізге кірмеген озық технологиялардың жемісіне қазір қалыпты жағдай ретінде қабылдайтын жағдайға жеттік. Атыраулық IT-мамандар мұндай жаңашыл бағдарламаларды ойлап тауып, оны біртіндеп қолданысқа енгізіп те үлгерген...

*(Толығырақ 5-бетте)*

*Қауіпсіз қоғам*

# «...МАМА, ертең ІШПЕЙ КЕЛЕСІЗ ҒОЙ?!»



*Коллажды жасаған Дәурен ҚУАНЫШ*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АЙРЫҚША МӘН БЕРГЕН. «ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ» ДЕГЕН СӨЗ ДЕ ОСЫНЫ АҢҒАРТСА КЕРЕК. АЛ, БҮГІНДЕ БЕСІКТЕ ТЕРБЕЛГЕН БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ КӨҢІЛДІ КӨНШІТПЕЙ ТҰР. ӨЙТКЕНІ, БҮГІНГІ БАЛА – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢГІ ТҰТҚАСЫ. ОБЛЫСТЫҚ «АТЫРАУ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕ» ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАР ӨКІЛДЕРІ МЕН САРАПШЫЛАР ОРНЫҚТЫ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ.

*(Толығырақ 16-17-беттерде)*

## Бүгінгі нөмірде

### ҚЫСТАҒЫ ҚАРБАЛАСҚА дайынбыз ба?

Қараша айының 21-22-і күндері еліміздің өзге өңірлеріндегідей Атырау облысында да «Қыс-2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтті.

6

### Бір саланың ҚЫРЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ

Облыстық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісінде Атырау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі бойынша 2023-2024 жылдары атқарылған жұмыстардың барысы тыңдалды...

11

### Қоршаған ортаға ҚАСТЫҚ

Президент наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Атырау облысындағы экология мәселесіне ерекше назар аударған еді. Өйткені 125 жылдан бері мұнай мен газ өндірілетін бұл өңірдің ауасы тазармай тұр. Себеп – қоршаған ортаны ластаудың әлі тоқтамауы.

13




*Жыр әлемі*

# Қазақ поэзиясының Жанна д'Аркі





*Суретті түсірген Ерлан Алтыбаев*

ЖУЫРДА АТЫРАУ АСПАНЫН ФАРИЗАНЫҢ ТЕҢІЗДІҢ АСАУ ТОЛҚЫНЫНДАЙ ЕКПІНДІ ЖЫРЛАРЫ ТЕРБЕДІ. ЖҮРТШЫЛЫҚ ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫНЫҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНДА АҚЫННЫҢ СЫРШЫЛ ЛИРИКАСЫНА СУСЫНДАП, ПОЭЗИЯСЫНА БІР СҮҢГІДІ. ТЫҢДАҒАН ҚҰЛАҚТЫҢ ҚҰРЫШЫ ҚАНДЫ.

*(Толығырақ 8-9-беттерде)*